



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

6. «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы » АҚ ресми сайты // [Электрондық ресурс] URL: <https://invest.gov.kz/kz/invest-guide/business-starting>

7. «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті» ММ қорытынды аудиторлық есебі // [Электрондық ресурс] URL <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

8. Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы // [Электрондық ресурс] URL <https://qazindustry.gov.kz/kk>

СЕКЦИЯ 3 АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИКИ В ОБЕСПЕЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ КЕТЕТІН БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫНА АУДИТ ЖҮРГІЗУ

Агубаева Д.С., Ақмолда F.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенттері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gaziakmolda@inbox.ru , dariga.agubaeva@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты Алматы облысының білім беруге кететін бюджет шығындарының құрылымы мен құрамына аудитторлық іс-шараларын жүргізу және білім беруге кететін бюджет шығындарының көрсеткіштерін талдауды жасау мен анықтау болып табылады. Зерттеу өзектілігі тиімді қаржыландырудың арқасында, сөзсіз, халықтың көптеген мәселелерін шешіп, адамдардың өмір сапасын едәуір жақсартуға бағытталған. Зерттеу барысында білім беруге кететін бюджет шығындарының шетелдік тәжірибесі мен Алматы облысының соңғы үш жылдағы, яғни 2018, 2019, 2020 жылдардығы білім беруге бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты орындалуына талдау жүргізіліп, көрсеткіштер зерттелді

Түйінді сөздер: білім беру, ішкі аудит, бюджет, кіріс, шығыс, қаржы, шет ел, мониторинг, басқарма, бұзушылық, қаржы, департамент.

Аннотация. Цель статьи - провести проверки структуры и состава расходов бюджета на образование Алматинской области, а также проанализировать и определить показатели расходов бюджета на образование. Актуальность исследования, безусловно, направлена на решение многих

проблем населения и существенное улучшение качества жизни людей за счет эффективного финансирования. В ходе исследования проанализирован зарубежный опыт бюджетных расходов на образование и целевого исполнения бюджета, выделенного на образование в Алматинской области за последние три года, т.е. 2018, 2019, 2020 годы, и изучены показатели.

Ключевые слова: образование, внутренний аудит, бюджет, доходы, расходы, финансы, мониторинг, контроль, управление, нарушения, финансы, департамент.

Annotation. The purpose of the article is to check the structure and composition of budget expenditures on education in the Almaty region, as well as to analyze and determine the indicators of budget expenditures on education. The relevance of the study, of course, is aimed at solving many problems of the population and significantly improving the quality of life of people through effective funding. The study analyzed the foreign experience of budget spending on education and targeted execution of the budget allocated for education in the Almaty region over the past three years, that is, 2018, 2019, 2020, and studied the indicators.

Key words: education, internal audit, budget, revenues, expenses, finances, monitoring, control, management, violations, finances, department.

Қазіргі кезде білім беруді қаржыландыру жүйесін жетілдірудің өзектілігі білім беру саласындағы қаражаттың жеткіліксіздігімен негізделген, бұл білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың иелігіндегі ресурстарды тиімсіз пайдалануға әкеледі.

Білім беруді қаржыландыру көздері республикалық бюджет, жергілікті бюджет, бюджеттен тыс құралдар есебінен болып табылады. Алматы облысының білім басқармасы 3 түрлі бағыт бойынша қызмет атқарады: Техникалық және кәсіптік білім беру, орта білім, мектепке дейінгі білім.

Алматы облысының білім беру шығындарының құрамында жеке орын алатын бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру; мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру; жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру; білім беру саласындағы өзге де қызметтер жүзеге асырылады.


Білім беруді қаржыландыру. Білім беруге арналған шығыстар құрамы бюджеттік жіктелу бойынша арнайы функционалдық топқа сәйкес қалыптасады. Бұл функционалдық құрамында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш және орта білім беру, арнайы орта білім беру, кәсіптік беру, жоғары білім беруге мемлекеттік тапсырыс және білім беру аумағындағы басқа да қызметтер көрсетілген. Осы келтірілген білім беру мекемелерінің типтері мен түрлері бойынша бюджет құралдарымен қаржыландыру іске асырылады.

Білім беру саласын бюджеттік қаржыландырудың қажеттілігі ең алдымен білім беру қызметтің қоғамдық тауар ретіндегі қасиеттері мен елдің әлеуметті-экономикалық дамуындағы олардың рөлімен сәттеседі.

Алматы облысының 2018-2020 жылдардағы білім беруге кеткен бюджет шығындары, млн теңге

Көрсеткіштер атауы	2018жыл	2019жыл	2020жыл	Өзгеріс, мың.теңге	Өзгеріс, %	
					2019/2018	2020/2019
<i>Жоспарланған</i>	77 344 400	87 391 100	174 350 900	76 913 100	112,9	199,5
<i>Нақтыланған</i>	74640 900	87 916 200	176 602 700	75 411 200	117,7	200,8
<i>Атқарылған</i>	74 623 100	87 733 900	176 887 800	76 043 100	117,5	201,6

Алматы облысының 2018-2020 жылдардағы білім беруге кеткен бюджет шығындарының ішінде ең жоғарғы көрсеткішті 2020 жыл алып отыр.(сурет 1)



Сурет 1. Алматы облысының 2018-2020 жылдардағы білім беруге кеткен жоспарланған бюджет шығындары, млн тг

Бюджет қаражатының жоспарланған, нақтыланған, атқарылған бөлімдерінің айырмасы үлкен еместігін де байқай аламыз.Төменде, әр жылдарға жеке тоқталып өтсек.

Кесте 2

Алматы облысының 2018 жылдағы білім беруге кеткен бюджет шығындарының құрамы мен құрылымы (млн тг)

Көрсеткіштер атауы	Жоспарланған	Нақтыланған	Атқарылған	Атқарылған/нақтыланған Орындалуы (%)
Білім беру	77 344,4	74 640,9	74,623,1	100

Алматы облысының 2018 жылғы «Білім беру» арналған қаражат барлық шығындардың 20,6 % құрады, жоспар 77 344,4 млн. теңге болған, нақтыланған сомасы 74 640,9млн. теңгені құрап, ал 74 623, 1 сомада тақарылып, 100,0% игерілген. 2017жылмен салыстырғанда білім беру саласы бойынша шығыстар 2 411,1 млн. теңгеге өсті.



Сурет 2. Алматы облысындағы білім беруге кеткен шығындар құрылымы, млн.теңге

2018 жылы Алматы облысының барлық бюджеттен жұмсалған шығындарының ішінде білім беруге кеткен шығындар көлемі 21% құрады.

Меншікті-облыстық бюджеті бойынша білім беру саласына республикалық бюджеттен (Білім және ғылым министрлігі) 119,0 млн. теңге нысаналы трансферттер бөлініп, толығымен игерілген.

1 мақсат, 7 мақсатты индикатор карастырылып, барлығы орындалған. 2018 жылы 18 білім беру нысанының құрылысы мен қайта жаңартылуы жүргізілген, оның ішінде 15 мектеп, 10 үш ауысымды, 2 мектеп тапшылығын жою үшін және 3 тозығы жеткен мектептер. Сонымен қатар 1 балабақша, 1 орта мектепке спорт залына жапсырма және 1 музыка мектебі салынған.

Кесте 3

Алматы облысының 2019 жылдағы білім беруге кеткен бюджет шығындарының құрамы мен құрылымы, млн тг

Көрсеткіштер атауы	Жоспарланған	Нақтыланған	Атқарылған	Атқарылған/нақтыланған Орындалуы (%)
<i>Білім беру</i>	87 391,1	87 916,2	87 733,9	99,8

Алматы облысының 2019 жылғы «Білім беру» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың 18,6 % (пайызын) құрады, жоспары 87 391,1 млн теңге болса, нақтыланған сома 87 916,2 млн теңгені құрап, жыл соңында атқарылғаны 87 733,9 млн теңгені құрады және ол 99,8%-ға игерілді. 2018 жылмен салыстырғанда білім беру саласы бойынша шығыстар 13 110 871,7 мың теңгеге өсті.




Сурет 3. 2019 жылы Алматы облысындағы білім беруге кеткен шығындар құрылымы, млн.теңге

Кесте 3

Алматы облысының 2020 жылғы білім беруге кеткен бюджет шығындарының құрамы мен құрылымы, млн тг

Көрсеткіштер атауы	Жоспарланған	Нақтыланған	Атқарылған	Атқарылған/нақтыланған Орындалуы (%)
<i>Білім беру</i>	174 350,9	176 902,7	176 887,8	100

Алматы облысының 2020 жылғы «Білім беру» функционалдық тобына арналған қаражат жоспары 174 350,9 млн теңге болса, нақтыланған сома 176 902,7 млн теңгені құрап, жыл соңында 176 887,8 млн теңге атқарылып, 99,8%-ға игерілді. 2019жылмен салыстырғанда білім беру саласы бойынша шығыстар 89 496,7 мың теңгеге өсті.



Сурет 4. Алматы облысының 2020 жылғы білім беруге кеткен бюджет шығындары, %

Алматы облысының 2020 жылғы «Білім беру» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың 27,3 % (пайызын) құрады.

Білім беруге кететін бюджет шығындарының **шетелдік тәжірибесіне** тоқталсақ. Экономикалық дамыған елдерде орта білім беруді мемлекеттік қаржыландыру басым. Ұлыбритания, АҚШ, Франция, Германия, Жапония, сондай-ақ Словения, Корея Республикасы және Чили сияқты аз дамыған елдер. Дегенмен, жеке қаржыландыру Германияда, Корея Республикасында және Чилиде жиі кездеседі.

Жапонияда білім беруді қаржыландыру орталықтандырылмаған жүйеде жүзеге асады. Жапонияның жоғары сынып оқушылары әртүрлі ұйымдардан, соның ішінде үкімет, префектуралар мен муниципалитеттер және мемлекеттік корпорациялар қолдайтын Жапонияның стипендиялық қорынан қаржылық көмек алады.

Білім беруді қаржыландыруды үкімет те, префектуралар мен муниципалитеттердің әкімшіліктері де қамтамасыз етеді. Үкімет ұлттық білім беру мекемелерін ұстау шығындарын қаржыландырады және жеке оқу орындарына субсидиялар бөледі, сондай-ақ префектуралық және муниципалдық үкіметтерге олардың әлеуметтік шығындарын (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік саясат және т.б.) жабу үшін салықтардың әртүрлі түрлерінен гранттар береді.

Жапониядағы білім беруді қаржыландыруды жоспарлау әдісі - жан басына шаққандағы қаржыландыру. «Әмбебап жергілікті басқару» негізінде есептелген шығыстардың әрбір бабы бойынша нормативтер үш айнымалының көбейтіндісіне тең: қызмет бірлігінің құны; өлшем бірліктері, сондай-ақ түзету коэффициенті. Муниципалитеттер қалалық бастауыш және негізгі орта мектептерді (мұғалімдердің жалақысынан басқа) және басқа да муниципалдық білім беру мекемелерін ұстауды қаржыландырады.

Шет елдердің көпшілігінде білім беруге жұмсалған мемлекеттік шығыстардың елеулі үлесі мемлекеттің мектептегі білім беру жүйесін бюджеттік ресурстармен қамтамасыз ету бойынша маңызды міндеттемелерді

алатынын көрсетеді. Ал бұл мектеп жасындағы балаларды міндетті және тегін жалпы орта біліммен толық қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, кәсіптік білім алуға қол жеткізуге тең мүмкіндіктер береді және білім беру қызметтерінің әртүрлі түрлерін көрсету бойынша басқа да сан-салалы функцияларды орындайды.

Білім беруге кететін бюджет шығындарын тиімді жетілдіру үшін бірнеше жолдарды ұсынамыз, олар;

- Мониторинг жүйесін жетілдіру;
- қаржыландыру нәтижелерін бағалау;
- жаңа тәсілдерді, стандарттарды, модельдерді, стратегияларды әзірлеу және енгізу;
- тәсілдер мен модельдерді стандарттау.

Сондай-ақ, білім беру сапасын жақсарту үшін бірнеше жетілдіру жолдарын ұсынсақ:

- сапалы білімге қолжетімділікті арттыру;
- білім беру жүйесін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;
- педагог еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды күшейту;
- білім берудегі менеджментті жетілдіру;
- 5-6 жастағы балаларды мектепалды даярлықпен толық қамтуды қамтамасыз ету;
- 12 жылдық оқыту моделіне көшуді білім беру мазмұнын жаңғыртумен қоса жүзеге асыру;
- шағын жинақталған мектептердің проблемаларын шешу;
- мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру.

Біз Алматы облысының 2018-2020 жылдардағы білім беруді қаржыландыруға кеткен бюджет шығындарына талдау жасадық. Аталған 3 жылда Алматы облысында білім беруге кеткен шығындар көлемі айтарлықтай өскен, 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 1,2%, 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 2,5%. «Білім беру» функционалдық тобына арналған қаражат 2018 жылы барлық шығыстардың 20,6%, 2019 жылы 18,6 %, 2020 жылы 27,3% құрады.

Бұл көрсеткіштер Алматы облысында білім беруді жақсартуға көп көңіл бөлінгендігін көрсетеді. Бұның нәтижесінде, келешекте ел экономикасын жақсартуға ықпалын тигізетін білікті, білімді мамандар шығуына кепіл бола алады.

2018, 2019 және 2020 жылдары Алматы облысында білім беруді жақсарту мақсатында 2 мақсат, 9 мақсатты индикатор қарастырылып, барлығы орындалған. “Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету», «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бағдарламаларына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға стипендия мөлшерін ұлғайтуға, 2 медициналық колледждерге, 2 спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын ұстауға қаржы бөлініп, 100% мөлшерінде игерілді деуге болады.

Қорытындылай келе, білім беруге кететін бюджет шығындарын жетілдіру бойынша ұсыныстар білдіреміз, мониторинг жүргізу, қаржыландыру нәтижелерін бағалау, жаңа стратегиялар мен бағыттар әзірлеу. Осылар арқылы бюджеттен бөлінетін қаржыларды тиімді жоспарлап, қажетті бағыттарға бөлу арқылы сол тұстарды дамытып, елдегі білім беру жүйесінің сапасының артуына ықпал ете аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алматы облысының білім басқармасының ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-bilim/about?lang=kk>
2. ҚР Әділет министрлігінің ресми сайты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V18D0004975>
3. Алматы облысы бойынша Тексеру комиссиясының ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-revcomkz/documents/1?lang=kk>
4. Алматы облысының әкімдігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu/documents/details/183973?lang=kk>
5. Интернет ресурсы https://www.myuniversity.ru/Экономика/Зарубежный_опыт_финансирования_общего_образования/16781_696456_страница2.html

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ АУДИТІ

Аманжан С., Дагылова А.Е.

«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: adagilova@inbox.ru simb02@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Андатпа. Мақаланың мақсаты Алматы облысының денсаулық сақтаудың шығындарының құрылымын, қалай қалыптасады және басқа облыстарға қарағанда қалай өзгергендігін талдау және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен азаматтардың денсаулық деңгейін көтеру болып табылады. Зерттеу өзектілігі тиімді қаржыландырудың арқасында, сөзсіз, халықтың көптеген мәселелерін шешіп, адамдардың өмір сапасын едәуір жақсарту. Зерттеу барысында соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер зерттелді. Зерттеу нәтижесінде Алматы облысының денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды жетілдіру жолдары көрсетіліп, қорытынды ой-пікір жазылды.